




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2
0
2
6



Б.А.Бимаханова

«ОЙЫННАН - БІЛІМГЕ»

(әдістемелік құрал)

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

«Ақтөбе облыстық
әдістемелік орталығы»
баспа бөлімі

**«ОЙЫННАН - БІЛІМГЕ»
(әдістемелік құрал)**

АҚТӨБЕ - 2026

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде
қарастырылып, баспаға ұсынылды

**Құрастырушы – Б.А.Бимаханова, Ақтөбе қаласындағы №25 «Ерке»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі**

Пікір берушілер:

**С.Жубаева, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі,
ф.ғ.м**

**А.Искендірова, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталағының бөлім әдіскері
п.ғ.м**

Бұл әдістемелік құрал балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мақсатында құрастырылған. Құралда балалалардың қоршаған ортамен танысуына, логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін және тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар мен тапсырмалар ұсынылған. Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдардың ересек тобына және топ тәрбиешілеріне арналған.

Түсінік хат

Баланың өмірге қадам бас ардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Бұл әдістемелік құрал – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес танымдық және зияткерлік дағдысын дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар арқылы ұйымдастырылған.

Мақсаты: Математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;
- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;
- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;
- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

- 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;
- теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;
- екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;
- бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады;
- шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады;
- геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды;
- геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді;
- сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды;
- тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі;
- "бүгін", "кеше", "ертең" ұғымдарын ажыратады;
- кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;
- берілген бағытта қозғалады;
- қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Көп және аз»	1
2	«Сандар әлеміне саяхат»	1
3	«Артық затты тап!»	1
4	«Сиқырлы пішіндер»	1
5	«Зат неге ұқсайды?»	1
6	«Үлкен - кіші»	1
7	«Ұзын - қысқа»	1
8	«Логикалық тапсырмалар»	1
9	«Сәйкестендіру ойыны»	1
10	«Кеністікті бағдарлау»	1
11	«Кім тапқыр?»	1
12	«Он және сол»	1
13	«Салыстыр»	1
14	«Сан және зат сәйкестігі»	1
15	«Пішіндер»	1
16	«Логикалық тізбек»	1
17	«Адасқан сандар»	1
18	«Нейро жаттығулар»	1
19	«Қайсысы артық?»	1
20	«Уақытты бағдарлау»	1
21	«Пішіндер әлемі»	1
22	«Салыстырда қорыт!»	1
23	«Кім зейінді?»	1
24	«Жануарлады орналастыр!»	1
25	«Жұбын тап!»	1
26	«Геометриялық лото»	1
27	«Тапқыр болсаң, тауып көр!»	1
28	«Санап көр!»	1
29	«Сандар шатасты»	1
30	«Сиқырлы сандар»	1
31	«Қызықты тізбек»	1
32	«Әдемі гүлдер»	1
33	«Көңілді математика»	1
34	«Ойлан және жауап бер! »	1
35	«Мен жаксы баламын!»	1
36	«Қорытынды, қайталау»	1
	Барлығы	36

1.«Көп және аз»

Мақсаты: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.

Дидактикалық ойын:

“Алма” мен “алмұрт” ағашын салыстыру.

Ойын: “Біреу” және “көп” дидактикалық ойын ұйымдастырылады.

Мақсаты: “Біреу және көп” ұғымын ажырата алуға үйрету.

Мысалы: Біздің топта қанша бала бар?

Ал менің қолымдағы доп нешеу?

Доптың пішіні қандай?

Алманың пішіні қандай?

Алмұртың пішіні қандай?




2.«Сандар әлеміне саяхат»

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға “нешінші?” сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, “барлығы қанша?” сұрағына жауап беруге үйрету.


Тәрбиеші: Балалалар біз қызықты аялдамаларға бөлініп тапсырма орындайық.

«Сандар» аялдамасы


1-топ: Сандарды тура және кері ретімен қою және санату.



2-топ: Санға сәйкес заттарды құрастыру (пазл түрінде карточкалар).



3-топ: Заттарды өсу және кему ретімен қою және санату.



Жұмбақ:

- Бір сиырдың неше аяғы бар?
- екі түлкінің неше құйрығы бар?
- ағаштың басында төрт торғай отыр, торғайлардың жанына тағы бір торғай келіп қонды неше торғай болды?

3. «Артық затты тап!»

Мақсаты: танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;

Тәрбиеші: Қызықты ойынменен бастайық ойын ойнағыларың келедіме?

Ойын «артығын тап!» деп аталады

Қазір мен сендерге сиқырлы қорапшадан сиқырлы заттарды көрсетемін ал сендер осы заттарды атап және артық заттарды тауып отырасыңдар. Тәрбиеші балаларға қорапшадан ойыншықтар алып көрсетеді:

- Балалар, осы ойыншықтарды білесіңдер ме?

- Мынау не? Ал, мынау ше?

- Ат, сиыр, қой, түйе, жолбасрыс, зебра, телефон

Ал енді осы заттардың ішінен артық затты тауып атаңдар және ол заттың қандай қызметі бар екенін айтып талқылаймыз.

Ия дұрыс телефон ол жан-жануар емес ол байланыс құралы телефон

Аспан әлемінде нелер болады?

Жұлдыз, күн, бұлт, ұшақ, ай.

Ал осылардың ішінен артық заты тауып айтыңдар?

Ұшақ аспан әлеміне жатады ма?

Ия дұрыс айтасыңдар өйткені олушақ зат аспан әлемі емес атырлық зат.

Ал мыналар не? Машина, трактор, автобус, кітап кпойыз, кеме, бұл заттарды бір ауыз сөзбен қалай атаймыз ал артық зат қайсы зат? Дұрыс ол кітап ол оқу құралы.

Карточкамен жұмыс:



Д/о: «Кім тез жетеді?» топ болып алған білімдерін, ойларын ортаға салады.

Ойынның шарты: Балалар бір-біріне қарама-қарсы жұппен тұрып қадам жасайды. Ойын шарты солай, тек сөзд айтқаннан кейін ғана қадам жасайды. Мысалы, "Барлығы дөңгелек". Әр бала қай зат дөңгелек екенін айтса ғана қадам жасай алады. Ойлануға бір минут қана беріледі.

4.«Сықырлы пішіндер»

Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.

Тәрбиеші: Балаларға шеңбер болып тұруға ұсынылады. Қараңдаршы балалар, айналамыз қандай тамаша! Осы бөлмеге шуағын төгіп, нұр беріп тұрған күнге қарайықшы.

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, жер-ана!

Тәрбиеші: Біз бүгін «Сықырлы пішіндер» әлеміне саяхатқа барамыз. Ой, балалар, әртүрлі пішіндерді қараңдаршы. Өздері сөйлейді. Сықырлы пішіндерге қандай пішіндер жатады екен, сұрап, көрейікші:

- Сен қандай пішінсің?

-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.

Төрт қабырғасы бар бұрышпын,

Қай жағынан қарасанда,

Төрт қабырғам тең бұрышпын.

Тәрбиеші:

-Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. (санайды) Төртбұрыштың түсі қандай?

Үшбұрыш:

-Үшбұрышпын, үшбұрышпын,

Үш қабырғам бар бұрышпын,

Төртбұрыштан аз болсам да,

Орны бөлек үшбұрышпын.

- Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен?


Дөңгелек:

Домалақпын, домалақпын,
Дөңгелек боп домаладым.
Ай сияқты, күн сияқты
Шар сияқты домалақпын.
Дөңгелектің бұрышы бар ма?
Пішіннің түсі кандай?



Д\О: Жоғалған пішінді тап

Шарты: Бос орынға тиісті пішінді сал



5.«Зат неге ұқсайды?»

Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.

Жылулық шеңбері:


Армысың алтын күн
Армысың көк аспан
Армысыңдар достарым
Сендерді көргеніме қуанам

Ғажайып сәт:

Есік қағылып бауырсақ қонаққа келеді.

-Сәлеметсіңдерме балалар мен сендерге арнайы келдім,сендерге көптеген тапсырмаларда алып келдім.Сендер маған көмектесесіңдерме.


1-тапсырма:Құстың ұясын құрастыру.



2-тапсырма:



3-тапсырма:



Бауырсақ: балалар сендерге көп рахмет. Менің барлық тапсырмаларымды орындап бердіңдер. Менің де ертегілер еліне қайтатын уақытым болды. Сау болыңдар!

6. «Үлкен–кіші»

Мақсаты: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына кою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.

Тәрбиеші: Балалар, қарандаршы, бүгін бізге қонаққа кім келді? Иә, бұл үлкен қоян екені дұрыс. Бірақ ол жалғыз келген жоқ, өзімен бірге кішкентай қоянды алып келді.


- Балалар, маған үлкен қоянды көрсетіндерші. Маған кішкентай қоянды көрсетіндерші. (Балалар көрсетеді).



- Балалар, қарандаршы, үйлер бар. Қояндар оларда тіршілік етеді. Бұл қандай үй? (үлкен). Ал мынау? (кішкентай).



- Мына қоян, қайсысы? (үлкен). Ол қай үйде тұрады? Көрсету (үлкен көлемде).
 - Ал мынау қоян, қайсысы? (кішкентай). Ол қай үйде тұрады? Көрсету (шағын көлемде).
 - Ал, қояндарға ойнау үшін доп сыйлайық. Міне, бізде үлкен және кіші доптар бар. Бұл доптың өлшемі қандай? Ал мынау, қайсысы?



Сергіту сәті.

- Ал енді, балалар, орындықтардың жанында тұрыңдар. Сіздермен біраз уақыт ойнайық. Келісесіз бе? Менен кейін қайталаңыздар!

- Жарайды, қоян, секір, секір,
- Аякпен, аякпен соғу, қағу.
- Сен шөпке құлайсың, құлайсың,
- Жатыңыз және демалыңыз, демалыңыз.
- Демалды, енді тұр,
- Қайта секіре бастаңыз!
- Шыршаға тез жүгір
- Және тезірек артқа секіріңіз.
- Қоян секіргенді ұнататын. Отырыңыз. Біздің қояндар – үлкенді-кішілі тамақтанғысы келді. Оларды тамақтандырайық.

- Мен қазір үлкенді-кішілі табақтарды қоямын. Бұл қандай табақ? (үлкен). Ал мынау? (кіші).

- Үлкен табақ қояйық, қай қоянға? Көрсет.

- Кішкене тәрелкені қояйық, қай қоянға? Көрсет.

Қояндардың нені жақсы көретінін еске түсірейік? Қояндар сәбізді жақсы көреді.

- Біз оларға сәбіз сыйлаймыз. Бұл үлкен және кішкентай сәбіз. Бұл қандай сәбіз? (үлкен). Үлкен сәбізді қай қоянға береміз? Көрсет.

- Ал бұл қайсысы? (кіші). Кішкентай сәбізді қай қоянға береміз? Көрсет.




7. «Ұзын - қысқа»

Мақсаты: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.



8. «Логикалық тапсырмалар»

Мақсаты: танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;



9.«Сәйкестендіру ойыны»

Мақсаты: Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;

1-тапсырма: Суретке қарап, сандарды сәйкестендіреді.



10.«Кеңістікте бағдарлау»

Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).

Ойын барысы: Балалар берілген суреттерге қарап, заттардың қайда орналақанын айтады.



11.«Кім тапқыр?»» Логикалық тапсырма

Мақсаты: танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;

- 1) Табақта бір алма,
Қолымда екі алма.
Барлығын қосқанда,
Шығады неше алма
- 2) Үш алмұрттын біреуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады
- 3) Ақ балапан,
Сары балапан.
Шұбар балапан,
Қара балапан.
Барлығы неше балапан
- 4) Ағашта екі торғай бар еді,
Оның біреуі ұшып кетті.
Ағашта неше торғай қалды?

Сергіту сәті

Аяз қысып,
Өрнек сызып.
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырганап жастар ойнайды,
Кейде ұлып, кейде ысқырып,
Ұйытқып боран соғады.
Бөбектерім айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?

12.«Оң және сол»

Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).

Тәрбиеші: Балалар бізге қонаққа ертегі әлемінен қуыршақтар келді. Олардың шарлары жарылып қалған. Біз оларға көметесейік. Ол үшін қыздардың оң қолына әдемі шардың суретін салайық.

Әр қыздың оң қолына шардың суретін сал.



Сергіту сәті:

Қайда екен қолымыз?
Оңымыз бен солымыз.
Білеміз бе оны біз?
Міне, оң мен солымыз,
Міне, алақай, қолымыз.
Қол соғайық, бір, екі.
Ал санайық, бір, екі
Топылдатып билейтін
Аяғымыз қайда екен?
Міне, аяқ, алақай,
Бір, екі деп басайық,
Тез, тез адым жасайық.
Еститұғын сиқырды,


Айқай - шуды, тықырды,
Құлағымыз қайда екен?
Міне, алақай, сақ құлақ,
Бәрін естір жақсылап,
Құлағымыз сақ құлақ.

13. «Салыстыр»

Мақсаты: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жінішке сын есімдермен белгілеу.

Суретпен жұмыс:

-Ненің суретін көріп тұрмыз?



- Қоянның қолында неше шар бар?
- Мысықтың қолында неше шар бар?
- Шардың түстері қандай?
- Шардың пішіндері қандай?
- Ненің шары көп?

Сергіту сәті:

Бір дегенде тұармыз,
Екі, үш, төрт алақанды соғамыз.
Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып,
Бес дегенде асықпай,
Орнымызды табамыз.



14. «Сан және зат сәйкестігі»

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.

Тәрбиеші: Ой балалар қараңдаршы. Мында бізге хат тастап кетіпті.

Балалар әдетте адамдарға хатты кімдер әкелуші еді?

Балалар: Пошташы ағайлар мен апайлар.

Тәрбиеші: Иә балалар, бізге хатты топқа тастап кеткен екен. Қәне, балалар мен сендерге хатты оқып берейін, сендер мұқият тыңдандар.

– Сәлеметсіңдер ме, қымбатты білімпаз балалар,

бізге көмектесулеріңізді сұраймыз. Мына тапсырмаларды орындауларыңды сұраймыз. Бұл хатты бізге Басқада балабақшадағы балалар осы тапсырманы орындап жіберіпті. Ендеше ол балалардың өтінішін орындаймыз ба?

Бұл шарларды қайтадан почташы апайларымызға беруіміз керек.

Бізге жіберілген тапсырмаларды орындайық.

Тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді.

– Балалар, суреттерге қарайықшы

1 4	3 5	5 3 4
3 4	2 4	2 3 1
2 5	2 1	1 2 4
3 2	1 5	4 5 2
		3 4 5

15. «Пішіндер»

Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету,

геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).



16. «Логикалық тізбек»

Мақсаты: танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;

Математикалық жұмбақтар шешеміз.

1) Бір кәмпит берді анасы,

«Аз» деп тұр оны баласы.

Екеуін тағы беріп еді

Нешеу болды ойланшы.

2) Далада жүр төрт түйе

Қосылды тағы бір түйе

Жалпы саны түйенің

Болды неше есепте?

Логикалық тапсырма:

Жоғарыда бірнеше ара ұшып жүр, төменде бір ара жүр.

- Бір ара қайда жүр?

- Көп аралар қайда ұшып жүр ?

17. «Адасқан сандар»

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң Көк аспан!

Қайырлы таң Жер ана!

Тәрбиеші: Балалар мен сендердің ертегіні өте жақсы көретіндерінді білемін, сондықтан мен сендерге қызықты ертегі айтып беремін. Ал сендер мұқият тыңдаңдар!

Ерте, ерте, ертеде бір үйде ағалы-інілі ағайынды сандар өмір сүріпті. Олар орманға шырша тамашалауға барып бір-бірінен адасып қалыпты. Осы адасқан сандарға бізден көмек керек болып тұр. Қане бәріміз сандарға көмектесейік.

1 тапсырма

А) аспанда неше күн бар?


В) адамда неше көз бар?

Г) бағдаршамда көз нешеу? Түстерін ата?


Д) Төртбұрышта неше бұрыш бар?

Е) Адамның бір қолында неше саусақ бар?

2 тапсырма



3 тапсырма



Балалар біраз сергіп алайық!

Сергіту сәті:

Тышқан мен сағат.

Тышқан шықты өрмелеп,



Сағатқа бірінші(2-ші,3-ші)рет

Сағат айтты бом(2 рет,3 рет)деп,

Тышқан кетті домалап.

14. «Нейро жаттығу»

Мақсаты: сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;



15. «Қайсысы артық?»

Мақсаты: Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;

Д/о: «Не артық»

Шарты: Артық затты сызып тастайды. Неге артық екенін түсіндіреді.

Мысалы: қалпақ, қарға, ыдыс, ананас



16. «Уақытты бағдарлау»

Мақсаты: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.

Тәрбиеші: Балалар біз бүгін Уақытты бағдарлау мен танысамыз. Балалар уақытты бағдарлау 4 кезеңге бөлінеді: таңертең, түс, кеш, түн.



Тәрбиеші: Балалар сендерге жұмбақ жасырамын.

Жұмбақ:

1. Жаңылмастан жетеуі,
Кезек қызмет етеді.
(Аптаның жеті күні)

2. Бірі үлкен, бірі кіші,
Туысқан бірге бес кісі.
(5 саусақ)

3. Ұйқымыздан тұрамыз,
Беті-қолды жуамыз.
Әкемізге ереміз,
Бақшамызға келеміз.
Бұл қай кезде болады?
(Таңертең)

Сергіту сәті:


Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған
Мынау басым ақылды
Барлық істі басқарған
Мынау менің оң қолым,
Мынау менің сол қолым
Барлық істі атқарған.

17. « Пішіндер әлемі»

Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).

Тәрбиеші: Мінекей «Пішіндер қалашығына» келіп жеттік, қарандаршы қандай керемет.

- Балалар, біздің келген пішіндер қалашығының тұрғындары сендерге арналған тапсырмалары бар екен, сол тапсырмаларды орындаймыз ба?



Тәрбиеші: Енді мен сендерге жұмбақ жасырайын.

- Бұл орамның пішіні

Бауырсақтың да мүсіні.

Кішірейтсек біз мұны

Шығады токаш наны боп

Балалар ол қандай пішін?

- Дұрыс айтасындар, қане домалақты ауада салайықшы.

- Енді домалақ пішінге ұқсас қандай заттарды білесіндер.

- Төрт бұрышы да тең түскен

Осынша жақтау және тең.

Мұндай шаршы, мен білсем

Табылмас ау еш жерден?

- Үш бұрышы бар, үш қабырғасы бар,

Ұзындықтары әр түрлі болуы мүмкін.

Ол не, балалар?


- Бұл жұмбақтың шешуін жақсы таптындар.

Топтастыр



18. «Салыстыр да қорыт»

Максаты: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.



19. «Кім зейінді?»

Мақсаты: заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

Д/О: «Сипап сезу арқылы санау»

Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.

Шарты:

Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

20. «Жануарларды орналастыр»

Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).

Тәрбиеші: Балалар біз тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйренеміз.

5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парак қағазда фишкамен орындайды.

- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актиінді орналастыр.
- Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр.
- Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр.
- Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.
- Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме?
- Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер.
- Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер.
- Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе?
- Аңдардың қайсысы артық? Неге?

Балалардың нұскалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру.

21. «Жұбын тап!»

Мақсаты: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.

Тәрбиеші: киімдер мен аяқ киімдер бейнеленген суреттерді көрсетеді.



Балалар жұпсыз болмайтын заттарды атайды: шұлық (носки), аяқ киім, колғап, т.б. Олардың неліктен жұпсыз болмайтындығын түсіндіреді.

Қызықты тапсырма

- Егер Карлсон жай, ал балақай жылдам жиналса, олардың қайсысы далаға бірінші шығады?

- Ал қазір Карлсон сендерді таудан шанамен сырғанауға шақырады. Алайда бір шанаға тек екі бала ғана отыра алады, ал үшіншісі - «артық». Кім жылдам қимылдаса, сол шанаға отыруға үлгереді, кім баяу – «үшінші артық адам» болады.

Мақсаты: Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту.

Тәрбиеші: киімдер мен аяқ киімдер бейнеленген суреттерді көрсетеді.

Балалар жұпсыз болмайтын заттарды атайды: шұлық (носки), аяқ киім, колғап, т.б. Олардың неліктен жұпсыз болмайтындығын түсіндіреді.

- Егер Карлсон жай, ал балақай жылдам жиналса, олардың қайсысы далаға бірінші шығады?

- Ал қазір Карлсон сендерді таудан шанамен сырғанауға шақырады. Алайда бір шанаға тек екі бала ғана отыра алады, ал үшіншісі - «артық». Кім жылдам қимылдаса, сол шанаға отыруға үлгереді, кім баяу – «үшінші артық адам» болады.




22. «Геометриялық лото»

Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.



27. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

Мақсаты: сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;



28. «Санап көр!»

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.

Жұмбақ жасыру

Бір алманы 4-ке бөлдім,

Бір бөлігін жеп те көрдім.

Қалған үлкен 3 бөлігін,

Қасымдағы 3 досыма бердім.

Қолымда менің не қалды. (0)

Тәрбиеші: Енді санамақ санауға үйренейік

Санамақ айту

Бір дегенім – бірлік
Екі дегенім – еңбек
Үш дегенім – үміт
Төрт дегенім – талап
Бес дегенім – білім
Білім жарық күнім.

29. «Сандар шатасты»

Мақсаты: Санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.

Тәрбиеші: Балалар менің бұйрығым бойынша көздерін жұмындар. Тәрбиеші сандардың орнын ауыстырады немесе алып тастайды. Балалардың көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді. Тақтада Айболит және одан алыстау әр жерде аңдар ілінген.



- Айболитке емделу үшін қанша аң келді?
- Айболит бәріне жақындауды сұрайды. Енді аурулардың саны қанша болды?
- Қане, тексеріп көрейік (санайды).
- Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді. Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? (Кезекке тұру).
- Кім бірінші? Кім екінші?
- Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санап көрейік (бірінші, екінші, үшінші...)
- Мүйізтұмсық өзінің нешінші екенін ұмытып қалыпты, қанеки, көмектесіп жіберіндер.
- Түлкі де баласын тербетуге кетіп, келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты.


- Қоян ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді?

-Кішкентай күшікте секіріп жүріп, ұмытып қалыпты.

Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді


30. «Сиқырлы сандар»

Мақсаты: эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;



31. «Қызықты тізбек»

Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.



32. «Әдемі гүлдер»

Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру

Жылулық шеңбері:

Ал, балалар тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Жауказындай жайқалып,

Бәйшешектей иіліп,

Сәл тынығып аламыз.

Біз гүлдерше өсеміз,

Жапырағы жайқалған.


Сабактары салалы,

Желге ыргалып шайқалған- дей келе бүгінгі күнімізді әдемі гүлдермен


бастайық. Әдемі гүлдерді өз ыдыстарына орналастырайық және оларды анамызға сыйлайық.

Д/о: «Әдемі гүлдер»


Мақсаты: Гүлдерді реттік санына қарап өз құмырынасына отырғызу керек.




Мақсаты: Гүлдердің жапырағын пішініне қарай толықтыру.



Мақсаты: Гүлдерді салыстыр.



Мақсаты: Гүлдердің жұбын тап!



32. «Көңілді математика»

Тәрбиеші: Бүгін балалар «Көңілді математика» әлеміне саяхатқа барамыз. Ол жакка бару үшін жолды таңдауымыз керек. Менің қолымда түрлі- түсті ленталар бар. Жолды өлшеп қай лента сайкес келеді сол лентаны тандап жолға шығамыз.



Тәрбиеші: -Барлығы неше лента бар?

-Қай лента ұзын?

-Қай түс лента қысқа?

-Қай түстегі лента ең ұзыны?

Тәрбиеші: «Көңілді математика» еліндегі тапсырмаларды орындайық. Қандай пішін жетіспей тұр?





Сергіту сәті:

1. Ақша теңбегіне жүрек салыну,
Сәтінше ойысқа да көңіл берілу.
2. Қанша шарға кірсе тұрмыс,
Сәтінше дала сәтіншеміз.
3. Жетісі нешеу болса,
Шеңкелісі құлақ.
4. Ұшқыршыты санадық,
Сәтінше отырып тұрайық.
Орындықта қолдайық.




33. «Ойлан және жауап бер»


Жылулық шеңбері
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
Суретпен жұмыс



34. «Мен жақсы баламын!»

Мақсаты: Тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.





35. «Қорытынды қайталау»

Мақсаты: математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Геометриялық пішіндер туралы жұмбақтар:

1. Атына сай балалар,
Үшбұрыш үш жағы бар.
Ол пішінді кім табар.
(Үшбұрыш).

2. Төрт бұрышы бар,
Төрт қабырғасы бар.
Бұл қай пішін.
(Төртбұрыш).

3. Допка өзі ұқсайды,
Ерекше бір пішін бар,
Атын онын атаңдар.
(Дөңгелек).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Мектепке дейінгі білім беру стандарты
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасы
3. Ойын технологиялары бойынша әдістемелік еңбектер
4. А. Б. Акпаева, Л.А. Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматыкітап баспасы. 2012жыл
5. Қызғылықты математика 2008 жыл
6. Сикырлы пішіндер мен сандар 2003 ж

Б.А.Бимаханова

«ОЙЫННАН - БІЛІМГЕ»
(әдістемелік құрал)



**Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының
баспа бөлімінде дайындалып, жүйеге келтірілді.**

**Методическая разработка подготовлена и систематизирована
на основе материалов автора в редакционном отделе
Актюбинского областного методического центра**

**Байланыс телефондары:
8-7132-548624**

e-mail: baspa@aktedu.kz

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 63 (1 қабат)

e-mail: baspa@aktedu.kz